

**8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша
PhD дәрежесіне ізденуші Қасымов Қуаныштың
«Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-
функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі»
диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің пікірі**

Жамбас жарақаты ортопедия және травматологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады және оның таралуы тірек-қимыл аппараты жарақаттарының жалпы санының 3% құрайды. Жамбас сүйектерінің сынуы әдетте жас пациенттерде кездеседі және ISS жарақатының жоғары жалпы ауырлығымен сипатталады (25-тен 48 баллға дейін). Өлім-жітім, әсіресе гемодинамикалық тұрақсыздық және қосымша жарақаттардың қатарласуына байланысты жоғары болып саналады.

Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің IRN AP05135531 «Қазақстан Республикасында жол-көлік оқиғалары кезінде жамбас сүйектерінің зақымдануын ортохирургиялық оңалту жүйесін әзірлеу» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында іске асырылған.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс жамбас сақинасының жарақаттарының емінің нәтижелерін жаңа құрылғыны қолдану арқылы жақсартуға арналған. Әдебиеттік шолу, патенттік іздеу және математикалық есепке алу негізінде дәстүрлі түрде қолданылатын импланттардың кемшіліктерін ескере отырып мықын – сегізкөз буынының остеосинтезі үшін арнайы, аз инвазивті, құлыптамалы имплант ойланып табылды. Имплант халықаралық стандарттарға сай, Европалық ChM зауытында әзірленді. Мықын – сегізкөз буынының остеосинтезіне арналған аппараттың биомеханикалық ерекшеліктерін зерттей отырып жаңа ұсынылған құрылғыны пайдалана отырып, мықын – сегізкөз буынының жарақаттарын хирургиялық емдеу әдісін жасалды

PhD дәрежесіне ізденуші Қасымов Қуаныштың халықаралық және Республикалық ғылыми конференцияларға белсене қатысты. Оның баяндамалары презентацияның анықтығымен, дәйектілігімен және жаңашыл нәтижелерімен ерекшеленді. Нәтижесінде, жамбас сүйектерінің жарақаттары және оларды емдеудің жаңа әдістері тақырыбында мақалалар, тезистер, могонография және әдістемелік нұсқау жариялаған.

Зерттеу нәтижесінде өнертабысқа Еуразиялық және Қазақстан Республикасының патенті алынды

Қорытындылай келе Қуаныш Қасымов заманауи ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді еркін меңгерген, ғылыми зерттеулерге теориялық және

тәжірибелік медицинаны сәтті пайдалана отырып жұмысқа шығармашылық тұрғыда қарайтын болашағы зор зерттеуші.

8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша PhD дәрежесіне ізденуші Қасымов Қуаныштың «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» диссертациялық жұмысы қорғалуға ұсынуға лайықты.

**M.D., PhD, Associate Professor,
Абай облысының мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалту орталығы» КММ директоры**



А. Тлемисов